

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Egov.kz порталын оқыту арқылы халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру
<b>Бастамашылар:</b>	Тойбай Бекарыс Түймебекұлы – Талас аудандық мәслихаты аппаратының бас маманы Гүлзат Бекенқызы – Мойынқұм ауданы білім бөлімінің бас маманы Абдирахманова Айжан Аккалиевна – Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бас маманы Курамысов Айдын Галымжанович – Т.Рысқұлов ауданы әкімі аппаратының бас маманы
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2021 жылдың 18 қазаны - 2022 жылдың 1 желтоқсаны
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы</li><li>2. <b>5.2 Цифрлық мемлекетке көшу</b> Цифрлық мемлекет</li></ol> <p>Цифрлық трансформациялану деректер негізіндегі проактивті деп аталатын қызметті қоса алғанда, жаңа бизнес-моделдердің туындауына әкеп соғады. Провайдер өз клиенттері туралы неғұрлым көп білсе, олар соғұрлым клиенттер қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін және клиенттердің өздері де білмейтін қажеттіліктерден асып түсетін қызметтерді ұсына отыра, одан әрі дербестелген ұсыныстарды жасауы мүмкін. Бұл транзакциялар талдауын ескере отырып, белгілі бір қызметте қажеттілікті болжамдап, азаматтар мен кәсіпкерлерге қызметтер ұсынуға мүмкіндік береді.</p> <p>Қызметтерді көрсету тәсілдерін және мемлекеттің азаматтар және бизнеспен өзара іс-қимыл етуін трансформациялау үшін негізгі бағыт ашық архитектура қағидаттарына (OpenAPI) өту болады, оның жанында коммерциялық секторы бар</p>

	<p>кооперацияның сапалы жаңа деңгейі құрылатын болады. Бұл цифрлық инфрақұрылымға шоғырланып, мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі "соңғы милді" үкіметтік емес және бизнес-қауымдастығына беріп, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл ретте мемлекеттік емес ақпараттық ресурстар азаматтар мен кәсіпкерлер бастамашылық ететін және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ала алатын жекелеген өзіндік экожүйелерге мемлекеттік қызметтерді біріктіріп, фронт-енд болып табылатын болады.</p> <p>3. 2021 жылдың 01 қарашасындағы статистикаға сүйенсек, 70-80% яғни, 100 адамның 70-80 адамы ХҚКО-на тікелей жүгіну арқылы қызметтерді оффлайн түрде алған, санитарлық талаптардың сақталмауы және сыбайлас жемқорлықтың орын алуы.</p>
<p><b>Жобаның өнімі</b></p>	<p>Информатика сабағының бағдарламасына қосымша</p>
<p><b>Жобаның SMART мақсаты</b></p>	<p><b>*SMART аббревиатурасы:</b>  Барлық мемлекеттік қызметтерді дербес порталға көшіру және халықтың цифрлық сауаттылығының дамуына ықпалдасу арқылы халыққа қызмет көрсету орталығы жұмысы жүктелімінің 20-30% төмендету, сонымен қатар мемлекет көрсететін қызметтерді - халықтың өздігінен алудың өсу динамикасын 70-80% жоғарылату.</p>

<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жобаны әзірлеу</li> <li>2. Облыстық білім басқармасы мен ХҚКО арасында меморандум жасау</li> <li>3. Халыққа қызмет көрсету орталығынан білікті мамандарды шақыру</li> <li>4. Оқу орындарына информатика сабағына қосымша енгізу</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шамамен 5-7 мың білімгердің үйренуі</li> <li>2. ХҚКО-дағы кезектердің азаюы</li> <li>3. Электрондық форматқа ауысу және цифрлық даму</li> </ol>
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халыққа қызмет көрсету орталығы</li> <li>2. Облыстық білім басқармасы</li> <li>3. Оқу орындары (ЖОО және колледждер)</li> <li>4. Облыс әкімі аппаратының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мониторингілеу бөлімі</li> <li>5. Халық</li> </ol>
<b>Жобаның шектеулері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мерзімі (1 жыл)</li> <li>2. Құны (100 млн тг)</li> <li>3. Мазмұны (қызметтердің барлық білімгерлерге түсініктілігі)</li> </ol>
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қаржының облыстық бюджеттен бөлінбеуі;</li> <li>2. Қызметтерді қолданушылардың толық түсінбеуі;</li> <li>3. Облыстық білім басқармасынан қолдаудың болмауы;</li> <li>4. Интернет желісінің әлсіздігі;</li> <li>5. Бөлінген қаржының жетпей қалуы.</li> </ol>